

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы

«Миссионерлік әдістері» пәні бойынша дәріс тезистері

Дәріс 6. Орталық Азия территориясында христиандықтың таралуы және несториандық ағымның миссионерлік қызметі

Дәрістің мақсаты – несториандық ағымдардың миссионерлік қызметін және христиан дінінің таралу факторларын талдау.

Дәрістің негізгі мәселелері:

1. Христиан дінінің Қазақстанда таралуы: деректер негізінде;
2. Несториандық шіркеу ілімінің қазақ жерінде таралуы және оның халықтың күнделікті өміріне әсері.

Қазақ жерінде көне замандардан бастап зороастризм, шаманизм, тәңіршілдік, манихейлік, буддизм, христиандық және ислам сияқты түрлі діни сенімдер таралды. Діни сенімдерді таратушылар өз ілімдеріне сәйкес өмір салтын уағыздады. Еліміздің территориясында таралған бұл діндердің алуантүрлілігі қазақ халқының дүниетанымдық болмысы мен ділдік ерекшеліктерін қалыптастыруға ықпал етіп, халықтың тарихи жадысының бөлшегіне айналды.

Қазақ жеріндегі христиандықтың таралуы Орта Азия, Таяу Шығыс елдерінің саяси және мәдени тарихымен тығыз байланысты. Оларды бөліп қарау мүмкін емес. Қырғыз елінің тарихшысы В.А. Кольченко Орта Азияда таралған христиандық ағымдар туралы жазылған жазба деректерге қатысты мәліметтерге талдау жүргізеді. Оның айтуынша, христиандар туралы алғашқы деректерді қытай жазбаларынан табуға болады. 781 жылы салынған Қытай стелласындағы тарихи деректерді аудару және талдау барысында христиан миссионерлерінің келгендігі жөнінде айтылғаны анықталған. Христиандық мәтіндердің қытай тіліндегі аудармалары да христиандар туралы мәлімет береді. Ал түркі және иран тілдес дереккөздері – Шығыс Түркістан, Енисей бойы мен Қашғарияның түрлі жерлерінде табылған сириялық, парсы және соғды тілдерінде жазылған қолжазбалар. Жазба деректерінің ішінде Орта Азия мен Қазақстан үшін маңызды деректер – араб тілінде немесе араб графикасымен жазылған материалдар кешені. Араб авторларының Түркістандағы христиандық туралы мәліметтерін жинақтап ғылыми айналымға енгізген В.В. Бартольд болды. Дегенмен аталған жазба дереккөздерінде Орта Азия мен Қазақстан жерінде христиандықтың қай ағымы таралғаны туралы мәлімет жоқ. В.А. Кольченконың айтуынша, араб тілінде немесе араб графикасымен жазылған еңбектердің ішінде тек әл-Бируни ғана христиандық ағымдарды: несториандық, мелькиттік, яковиттік деп бөліп көрсетеді. Бірақ әл-Бирунидің еңбектерінде несториандық пен мелькиттік ағымдардың шіркеулері, патриархы бар екендігі айтылса, яковиттерді кездестірмедім деп жазылған. Орта Азия жеріндегі христиандық жөніндегі ақпарат сирия тілінде жазылған дереккөздерінде кездеседі. Себебі бұл тілде Шығыс Сирия шіркеуінің литургиясы жүргізілді. Сирия тіліндегі литургияларды несториандар, мелькиттер, яковиттер және Армян (Грегориан) шіркеуі өткізді. Келесі дереккөзі – М. Поло, Г. Руб-рук, П. Карпини сияқты еуропалық саяхатшылардың жазбалары. Олар Орта Азия мен Қазақстан территориялары арқылы Қытайға дейін барып көшпелі халықтардың арасында христиандықтың таралғанына назар аударады. Жалпы алғанда, христиандық ағымдардың ішінде несториандықтың басым болғандығы, бірақ бұл бағыттан басқа да сенімдердің таралғанын жазба деректер мен тарихи жәдігерлерден байқауға болады.

Зерттеушілер арасында Шығыс елдеріне таралған христиандық арнайы миссионерлік мақсатпен емес, қуғын-сүргін арқасында келген деген пікір кездеседі. Сол себепті ерте кезең мен орта ғасырдағы Орта Азия мен Қазақстандағы христиандық миссионерлікті зерттеу қаншалықты ғылыми негізі бар деген сұрақтың туындауы орынды. Христиандық пайда болған алғашқы жүз-жылдықтардан-ақ түрлі ағымдар мен бағыттарға бөліне бастады. Олардың ішінде, зерттеліп отырған тақырып аясында өзектілері Шығыс христиандығының негізіне айналған несториандық, яко-виттік, мелькиттік ағымдар бар. Рим империясы Шіркеуінің негізгі қағидаларымен сәйкес келмейтін бұл ағымдар қудаланып, Шығысқа – Иран, Орта Азия жерлері мен Қытайға дейін таралды. Несториандық ағымның пайда болу тарихына назар аударсақ, христиан дінінің несториандық тармағы ең әуелі Византиядағы православие шіркеуінде пайда болды. Оның негізін қалаушы Несторий болды. Оны 428 жылы Рим патшасы Византиядағы Константинопольдің патриархы етіп тағайындайды. Бірақ ол христиан дінінің дәстүрлі қағидаларына қарсы шығып, «құдай-адам» жайлы христиандық ұғымды сынға алады. Яғни ол Иисусты Құдайдың баласы емес, қарапайым адам деп атады. Кейіннен ол адамға тән әлсіздікті жеңіп миссия дәрежесіне көтерілді деген пікірді айтады. 431 жылы Несторийдің идеялары дұрыс емес болып есептеліп, оны жақтаушылар «еретиктер» деп айыпталып, шіркеуден қудаланды. Осыдан кейін, олар Кіші Азия, Иран, Орта Азия жерлеріне діни сенімдерін тарата бастайды. Бұл дінді таратушылардың көбі сириялықтар болды. Діни құлшылықтар да, діни кітаптары сириялықтардың тіліне аударылды. Яковиттер, мелькиттер және монофизиттер несториандық шіркеу сияқты ықпалды болмаса да, Орта Азия мен Қазақстан жерінде өз ілімдерін насихаттады. Яковиттік шіркеу – Рим империясының ресми шіркеуінен догматтық қайшылықтарға байланысты бөлінген ағым. Сирия мен Мысыр христиандарының Халкидондық соборды мойындамауы яковиттік шіркеудің бөлініп, өз алдына қызметін жалғастыруға алып келді. Шіркеу атауы епископ Яков Барадейдің атымен аталады. Бірақ аталған аймақтарға несториандық бағыттың ықпалы зор болғанын атап өткен жөн.

Тарихи куәліктер мен археологиялық деректерге сүйенсек, қазіргі Қазақстан территориясындағы христиандықтың таралу тарихы ерте замандардан бастау алады. Қазақ жерінде таралған христиандық ағымдарының ішінде несториандық, яковиттік, католиктік, кейіннен орыс православиелік шіркеуінің миссионерлік қызметтері кеңінен таралды.

Қазақстан мен Орта Азия жерінде несториандық христиандықтың таралу тарихын исламға дейінгі, ислам дінін ұстанған мемлекеттер қол астындағы және моңғол шапқыншылығы кезіндегі деп бөлуге болады. Исламға дейінгі христиандықтың таралуы туралы шіркеу-монастырьлар, христиандық культтік заттар, құлпытастар, христиандық рәміздер, оның ішінде крестер сияқты сол кезеңдегі архитектуралық және материалдық мәдениет ескерткіштерден білуге болады. Қазба жұмыстары кезінде табылған теңгелер де, билеушінің немесе мемлекеттің қай дінді ұстанғаны жөнінде мәлімет береді. Несториандық ескерткіштерде бейнеленген рәміздерде тек христиандық қана емес, буддалық, манихейлік, шамандық элементтер де кездеседі. Сонымен бірге, зираттар мен қорымдарды зерттеу барысында, христиандық дәстүрмен жерленген адам сүйектері табылды. Ғалымдардың пікірінше, христиандықтың таралуы туралы жазба деректер аз болғанымен, тарихи жәдігерлер сол заманның тыныс-тіршілігі туралы деректер кешенін құрайды.

Қорытындылай келе, қазақ топырағында христиандықтың болғаны тарихтан белгілі, ол Орта Азия, Таяу Шығыс елдерінің саяси және мәдени тарихымен тығыз байланысты болды. Қазақстанның территориясында христиандықтың несториандық бағыты кең таралды. Христиандық арнайы миссионерлік мақсатпен емес, таралған жерінен ығыстырылу барысында келуі мүмкін деген де ойлар келтірілді, көп жағдайда саяси шешімдер, билік басындағылардың қалауынан соң, жандана түскені байқалады. Ал қазақ даласына католик ағымының таралуына дипломатиялық миссиялар, францискандық және доминикандық миссионерлер үлес қосты, дегенмен олардың жұмысы нәтижелі болмады. Мұның басты себебі Шығыс христиандық миссионерлік қызметінің белсенділігі,

миссионерлік әдістердің шебер қолданылғандығымен түсіндіруге болады. Елдегі діни жағдайды бақылап тұру үшін миссионерлік деңгейін терең бағалай алудың маңызды екені христиандықтағы несториандық арқылы тұжырымдалды.

Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Несториандық сенімнің Қазақстанда таралуының ерекшеліктеріне сипаттама;
2. Еліміздің территориясында таралған христиандық ағымдардың миссионерлік қызметіндегі пайдаланған әдістері.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Бартольд, В.В. Работы по отдельным проблемам истории Средней Азии // Сочинения. – М.: Наука, 1964. – Т. 2. Ч. 2. – 657 с.
2. Бартольд, В.В. Тюрки. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии и Казахстана. – Алматы: Жалын, 1998. – 192 с.
3. Бируни. Памятники минувших поколений. Избранные произведения. – Ташкент, 1957. – Т. 1. – 516 с.
4. Байпаков, К.М. Христианство Казахстана в средние века // Из истории древних культов Средней Азии. Христианство. – Ташкент, 1994. – С. 96-100.
5. Орынбеков, М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – 2-е изд., перераб. и доп. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 204 с